



№1 (151), 2021
(Қаңтар-Январь)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Қ. ЖАРЫҚБАЕВ, М. ПЕРЛЕНБЕТОВ, А. ОЛЖАЕВА

Әл-Фараби (870-950) және Ұлы даланың жан ілімі.....3

Ү. УАҚПАЕВА

Көрнекті ғалым Мәжит Мұқановтың қазақ психологиясына қосқан
зор үлесі.....16

М. КАБАКОВА

30-й юбилейный День Психолога в Казахстане18

А. ХАСЕНОВА

Мектеп – оқушы – ата-ана сабақтастығын тиімді үйлестірудің
психологиялық аспектілері.....20

Ф. АМАНОВА

Мектепті басқару мен дамытуда көшбасшылықтың рөлі22

Ә. БІРМАҒАНБЕТОВА

«Интеллектуалдық лабильділігі немесе ауыса білу іскерлігі»
әдістемесі27

А. КАДЫРЖАНОВА

Мамандық таңдаудағы психолог көмегі жайында.....29

А. САДЫКОВА

Жоғары сынып оқушыларының мамандық таңдауына
психологиялық көмек.....33

С. КАЛМАҒАНБЕТОВА

Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеудің психологиялық
мәселелері.....34

Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы
«Мектептегі психология» журналында 2020 жылы жарияланған
материалдар тізімі.....35

Список опубликованных материалов в республиканском
научно-теоретическом и прикладном журнале «Психология в
школе» за 2020 год37

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Ғылыми редактор –

Құбығұл ЖАРЫҚБАЕВ

20. 05. 2010 ж.
ҚР Байланыс
және ақпарат
министрлігінде
қайта тіркеліп, №10964-Ж
күелігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды

11. 01. 2021 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс:

8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел: 8 777 194 94 58,

8 777 303 37 67.

Эл пошта:

pedagog-ltd@mail. ru

Журнал <<Print
House GERONA>>
типографиясында
басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев
көшесі 30А/3, 124.

Көркемдеуші және

беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Қ. Жарықбаев – редакция
алқасының төрағасы, психол. ғ. д.,
проф. (Алматы, ҚазҰУ)

О. Саңғылбаев – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

М. П. Кабакова – канд. психол. н.,
доцент (Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ. к., проф.
(Семей, «Семей ун-т»)

Ә. Көкебаева – психол. ғ. д., проф.
(Көкшетау, «Көкшетау ун-т»)

Б. Елеусінов – проф.
(Қызылорда, «Өрлеу БАҰО» АҚ)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог
(Павлодар обл.)



Жарияланған материалдар
редакцияның пікірін білдір-
мейді. Фактілермен мәліметтердің
дұрыстығына авторлар жауапты.
Журналға шыққан материалдардың
стильдік қателіктеріне редакция
жауап бермейді. Қолжазбалар мен
фотосуреттер рецензияланбайды және
қайтарылмайды.



Опубликованные материалы не
отражают точку зрения редакции.
Ответственность за достовер-
ность фактов и сведений в публи-
кациях несут авторы. Рукописи и фото-
снимки не рецензируются и не возвраща-
ются.

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА
Научный редактор –
Кубигул ЖАРИКБАЕВ

Журнал перерегистрирован в Минис-
терстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от
20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 11. 01. 2021 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
сот. т.: 8 777 1949458, 8 777 3033767
Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймкулова

Журнал напечатан в типографии
<<Print House GERONA>>
г. Алматы, ул. Сатпаева, 30А/3,
124-офис.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақаланызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Әл-Фараби (870-950) және Ұлы даланың жан ілімі

**Қ. ЖАРЫҚБАЕВ,
М. ПЕРЛЕНБЕТОВ,
А. ОЛЖАЕВА**

Екінші ұстаз аталған әйгілі жерлесіміз әл-Фарабидің шығыс жұртына Аристотель ілімін жай таратып қана қоймай, орта ғасырлық философия мен жаратылыстану ғылымының сан қилы мәселелерін көтерген әмбебап ғалым болғаны ақиқатқа айналды. Кезінде Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті Шахмардан Есеновтің: «Қазақ халқы көпұлтты Отанымыздың басқа да халықтарымен бірге бүкіл дүние жүзілік мәдениет пен ғылымның дамуына елеулі үлес қосқан орта ғасырлық Қазақстанның энциклопедист-ғалымы, ұлы философы Әбу Насыр әл-Фарабиді зор мақтанаш етеді», - деуі біздің бұл мақаламыздың өзектілігін айқындағандай.

Аты Аристотельмен қатар тұрған ұлы ойшылды жан-жақты танып-білу оңай нәрсе емес. Әл-Фараби мұрасы түрлі себептермен көпке дейін жөнді зерттелмей келгенін және біздердің оның отандастары екенімізді ескерсек, бізге бұл жерде көтеретін жүк те, істейтін іс те аз емес екендігін аңғару қиын емес. Егер біз осы ізгі істі көптеп-көлемдеп ілгері апара алсақ (әңгіме Фараби еңбектерін қазақшаға аудару, ол жөнінде ғылыми еңбектер жазу жөнінде ғана болып отыр) онда халқымыздың ұлттық мерейі артқан үстіне арта түсетіні сөзсіз.

Біздің фараби тану тобының азды-көпті тындырып жатқан істері қуантады. Бірақ осы кезге дейін кемеңгер жерлесіміздің есімін жай насихаттаумен ғана айналысып келеміз. Мұның өзіне он шақты жылдай уақыт кетті. Ал ол туралы жазылған ғылыми еңбектер саусақпен санарлықтай ғана. Біздің көкейде жүрген ойымыздың тобықтай түйіні – Фараби мұрасын әр қырынан зерттеу толғағы жетіп отырған мәселе екендігін, бұған ғылымның әр саласындағы мамандарды жұмылдыру мақсатында шаралар белгілеудің қажеттілігін айту болып отыр.

Кемеңгер ойшылдың үлкен мұрасы психологиялық жағынан тіптен зерттелінбеген. Ұлы ғұламаны осы қырынан алғаш жұртқа танытқан шет ел ғалымдары екендігін айтпасқа хақымыз жоқ. Мәселен, Вали ур Рахман өзінің «Әл-Фарабидің психологиясы», «Әл-Фараби және оның түс көру туралы теориясы» дейтін еңбектерінде Фарабидің психологиялық көзқарастарына жан-жақты тоқталған. Ағылшын тілінде шыққан «Латын араб және еврей философиясының текстеріндегі сезімдік қабылдаудың

мәселелері» дейтін жинақта да Фараби психологиясының біраз проблемалары сөз болды.

Фарабидің психологиялық пікірлерін баяндамастан бұрын оның философиясы туралы бірер сөз айту орынды. Зерттеушілердің, А. Закуев, С. Григорьян, А. Машанов, М. Хайруллаев, т.б. айтуынша, Фарабидің философиялық концепциясы дүниені пантеистік тұрғыдан түсіндіретін «Алла тағаланың ақыл-парасаты» дейтін ілімге негізделген. Ұлы ғұлама өзінің философиялық пайымдауларын көпшілік жағдайда идеалистік сарында жазған. Бірақ оның еңбектерінде сол кездегі ғылым жетістіктерін қорытындылайтын көптеген прогрестік, материалистік идеялар да аз емес. Мәселен, ол дүниенің мәңгілігін мойындап, табиғат құбылыстарын детерминистік (себептілік) принцип бойынша түсіндірді, жанның мәңгі-бақи жасамайтындығын, оның өліп-өшіп отыратындығын мойындады. Ұлы ойшылдың материалистік идеялары, әсіресе, оның таным мәселесі мен логика ғылымы туралы айтқандарында, сондай-ақ адам психологиясының әр қилы жақтарын түсіндіруде ерекше байқалады.

Фараби шығыс әлемінде психология ғылымынан тұңғыш пікір айтып, «Жанның мәні», «Жан туралы», «Жан қуаты туралы», «Ақыл және ұғым», «Түс көру туралы», т.б. осы іспеттес арнаулы еңбектер жазды. «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы туралы трактат», «Парасаттың мәні туралы», «Ғылымдардың шығуы туралы», «Мәселелердің түпкі мазмұны» деген еңбектерінде де осы ғылымның көптеген проблемаларын сөз етті.

Фарабидің жан мен тәннің қарым-қатынасы жөнінде айтқан пікірлері ерекше көңіл аударарлықтай. Ол жанның мәңгі өлмейтіндігін уағыздаған Платонға қарсы шықты. Платонның «жан тәннен бұрын пайда болады, жан мәңгі-бақи өлмейді деуі – қате түсінік», - деп жазды әл-Фараби. Жан мен тән бірге дамиды, тәнсіз жан жоқ, жан – тәннің тірлік қасиеті, адамда қатарынан екі жан болмайды, адамның тәні, өмірі өткінші, уақытша. Фарабидің айтуынша, тән жанның дамуына, оның біртіндеп қалыптасып, жетілуіне үнемі әсер етіп отырады. Жанның дамуы үшін тәннің саулығы қажет.

Тән саулығы жоқ жерде жан саулығы да жоқ. Қан адамға еш уақытта қайтып келмейді, ол денеден екінші денеге де көшіп те жүрмейді, рухы таза, көзі ашық, оқыған адамның жаны мәңгі өмір сүреді де, надан, зымыян адамдардың жаны өліп, өшіп отырады деді. Әрине, жан мен тәннің қатынасы жөнінде ол заманға дәйекті пікір айту қиын еді. Фараби де сайып келгенде ұлы ойшылдың осы пікірлерінің өзі кезінде дін иелерін қатты қобалжытты, олар Фараби құдайдан, діннен безген адам деп оған лағынет отын аямай жаудырды.

Фараби адамның жан дүниесін, психикалық құбылыстарын оның тән құрылысына орайлас түсіндіруге тырысты. Тәннің де, жан жүйесінің иесі – жүрек, бұған мидың да қатысы бар, бірақ ол тәннің басқа мүшеле-

рі сияқты жүрекке бағынышты. Жүрек – тіршілік тірегі, қан айналысының, қимыл-қозғалыстың орталығы. Жүрекпен байланыспайтын мүше жоқ, ми да жүректен қорек алып, сонан кейін ғана адамның жан жүйесін басқарады. Жан туралы ілімде әл-Фараби ұстазы – Аристотельдің ықпалында болды. Аристотель «Жан туралы» дейтін трактатында өсімдіктерде, жануарларда, адамдарда үш түрлі жан болады десе, Фараби осы пікірді қуаттай келіп, адам жанының өзін үшке бөлді. Ол психикалық құбылыстарды жан қуаттары деп атады. Жан қуаттарын ол адамды қозғалдыратын және танып білгізетін деп екіге бөлді. Қозғалдыратын қуат бүкіл тірі организмге ортақ. Ал, танып-білу қуаты жануарлар мен адамдарға ғана тән. Соңғы екеуі сыртқы дүниені мида бейнелей алуға қабілетті. Өсімдіктерде мұндай қабілет жоқ. Сондықтан да олар бұл топқа кірмейді.

Адамда ең алдымен қоректендіру қуаты пайда болады. Бұл адамдардың тәні, яғни өсіп-өнуге негіз болатын дене мүшесі. Адамның жан қуаты екіге бөлінеді. Оның біріншісі, сыртқы жан қуаты, немесе ол түйсіктену қуаты деп аталады. Мұндай қабілет сыртқы дүние заттарының сезім мүшелеріне тікелей әсер етуінен туады. Сыртқы жан қуатының бес түрі бар. Олар: көру, есту, дәм, иіс, сипап-сезу. Жан қуатының екінші түрі – ішкі жан қуаты делінеді. Бұларға еске түсіру, талпыну қабілеттері жатады. Адамды жануарлардан ерекше бөліп тұрған қуат бұл оның ақыл-парасаты – ойлай, сөйлей алу қабілеті.

Фараби «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы туралы трактат» деген еңбегінде жан құбылысының түрлі көріністеріне жекелеп сипаттама береді. Мәселен, ол адам өмірінде қиялдың қандай рөл атқарғаны жөнінде былай дейді: «Қиял адамға аса қажет жан қуаты. Ол екі түрлі міндет атқарады. Қиял арқылы алдымен сыртқы дүние заттарының бейнелері өңделіп, сұрыпталады. Бір бейне екіншісіне қосылып, жаңа бейне жасалады. Екіншіден, ол ойлауға материал береді, түйсікпен қосыла ойлаудың терең, жан-жақты орамды болуына жәрдемдеседі. Адамда түс көру неден болады деген сұраққа да Фараби ғылыми тұрғыдан жауап берген. Түс көру – адамның ояу кезіндегі шындықта көрген, білген, естіген нәрселерінің мидағы бейнесі. Ұйқы кезінде мұндай бейнелер адам ырқынан тыс жүріп жатады, бұл қиялдың енжар көріністері. Фарабидің түс көру туралы тұжырымдары қазіргі ғылыми психологияның айтқандарымен үндесіп жататындығына қайран қалуға болады.

Фараби адамның таным процесі екі кезеңнен, екі басқыштан тұрады дейді. Оның бірі – сезімдік кезең. Бұған түйсік, қабылдау, ес процестері жатады. Түйсік – дүние танудың алғашқы көзі. Адам есінің, елесінің сапалы болуы дұрыс түйсіктенуге байланысты. Ойлау дүниені әр қырынан тануға, мәселені тереңінен түсінуге мүмкіндік береді. Ойлау – адам танымының екінші басқышы, танымның жоғары сатысы. Ойлау сөйлеумен тығыз байланысты. Ол жалпы адамзатқа тән құбылыс. Ал тіл болса,

әрбір ұлттың, халықтың өзіндік өрнегі. Жаттағаннан түсінген артығырақ. Өйткені жаттауда шала түсінікті сөздер көбейіп кетеді, барлық түсініктерді жаттап алуға болмайды. Түсіну болатын болса, олар әр нәрсенің тегін, жалпы ережелер мен канондар жөнінде талдау жасайды. Фарабидің түсінігінше, адамның эмоция, сезім процестері жан қуатының жеке тобы болып саналмайды. Бұлар психиканың қалған түрлеріне бояу береді, оларды қозғалысқа итермелейді. Талпыну, әсерлену қуаты адамның мәнерлі қозғалыстарынан жақсы байқалады. Мәселен, адам ұялғанда, мықтап қызарса, қорыққан кезде сұп-сұр болып түсі қашады.

Жан қуаттар туралы теориясында әл-Фараби адамның ерік-жігер, қажыр-қайратын да жеке процесс ретінде қарастырмайды. Бұларды ол өзінің этика ғылымына байланысты айтқан пікірлерінде сөз етеді. «Қоғам, ондағы адамдардың бір-бірімен байланыстары, олардың ерік-жігері рухани қасиеттерді қалыптастыруда негізгі фактор болып табылады», - деді Фараби. Ол адамның жақсы ерік-жігер сапаларына қылық пен іс-әрекеттің саналылығын, тоқтамға келгіштікті, батылдық пен ерлікті рухани жағынан жетілуді, т.б. жатқызады. «Мейірімсіздік, қорқақтық, дүние-қоңыздық, нәпсіқұмарлық, т.б. адамның өте ұнамсыз ерік сапалары», - дейді Фараби.

Фараби таным мәселесінің түп қазығына келгенде дуалистік көзқараста болды. Мәселен, ол танымның бірінші басқышы түйсіктерді материалистерше түсіндіргенмен ойлауға келгенде жаңсақ түсінікке жол берді. Ол ойлау материядан тыс тұрған ерекше рухани күштің өмірінен туып отырды деп тұжырымдады. Ал, Фарабидің түйсік, қабылдау, қиял, ес процестерін сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының мидағы түрлі бейнесі деуі – ғылыми тұрғыдан өте байсалды түсінік болды. Мәселен, көз – айна тәріздес нәрсе, ол сыртқы дүниенің сәулесі түсіп отыратын алғашқы саңылау. Көру түйсігі көзге зат әсер еткенде ғана пайда болады. Егер көзден зат кетсе, мұндай түйсік тұмайды, құлақ ауадағы түрлі тербелістерді қабылдайды. Сезім мүшелерінің қай-қайсысы да адамды сыртқы дүниемен тікелей байланысқа түсіретін аспап. Көру түйсігі көзден шыққан шырақтың нәтижесі, көзге зат әсер етпейді дейтін Платон пікірімен Фараби келіспейді. Қараңғыда зат та, оның бояуы да анық көрінбейді, көзге сырттан күшті әсер келіп түскенде ғана адамда түйсік пайда болады, - дейді Фараби.

Фараби жан қуатының басты түрлеріне сипаттама бере келіп, психологияның бұдан басқа проблемалары жөнінде де сөз қозғайды. Мәселен, ол психиканың қалайша дамып, жетілетіндігі жайлы мәселеге ерекше мән берген. Психикалық өмір айрықша саналы қасиет. Жануарлар мен адамдардың тән құрылысының өзгешелігіне орай жан қуаттары да өзгеше болады. Материалдық элементтердің күрделі қосындысынан ыстық, суық, дымқыл, құрғақ жануарлар психикасы түзілген. Осы элементтердің ең жоғарғы қосындысынан адам психикасы пайда болған. Адам – жанды

дүниенің асқар шыңы. Оның жануарлардан негізгі ерекшелігі – ақыл-парасат, сөйлеу қабілеті, өнермен айналысуы, еңбек ете алуы. Адам қоғамнан, коллективтен тыс өмір сүре алмайды, оның бар өмірі адамдар қауымының арасында өтеді. Жеке адам өзінің тілек-талпынысын, мұң-мұқтажын жеке жүріп қанағаттандыра алмайды, сондықтан оның басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсуі қажет. Өйткені жекелеген адамның тәні де, жаны да ойдағыдай дамымайды деп, түйіндейді ғұлама бабамыз.

Фараби еңбектерінде бала психикасының қалайша дамып жетілетіндігі жөнінде де қызғылықты пікірлер көп. Баланың жасы өскен сайын тәнімен бірге жаны да өсіп отырады. Мұның бәрі оның тіршілік қажетінен туындайды. Мәселен, балада ең алдымен өсіп-өну қуаты пайда болады. Бұл адамның дене бітімінің қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Бұдан кейін сипап-сезу қуаты, кейіннен барып дәм, иіс айыратын түйсіктері, заттың түрін, түсін, пішінін түйсіне алу қабілеті пайда болады. Адам психикасы негізінен өмір барысында оқу-тәрбие үстінде қалыптасады. Бұл жерде оның өз бетінше әрекеттенуі, өзіндік белсенділігі ерекше маңызды. Адамның моральдық, психологиялық қасиеттері де оның өмірден алатын тәжірибесінен туындайды, ол дүниеге ақылды не ақылсыз, зұлым не қара ниетті болып тумайды. Бала тек ойлау, сөйлеу қабілетіне ғана икемділікпен ғана дүниеге келеді. Фарабидің осы пікірлерінің қазіргі психология түйіндеген тұжырымдармен ғажап үндестігіне таң қалмасқа болмайды.

Фарабидің адамның әр түрлі дара өзгешеліктері туралы айтқан пікірлері де ерекше көңіл аударады. Ол осындай ерекшеліктер бірде адамның жеке өмір сүру тәжірибесінен, бірде оның дене бітімінен, тән құрылысынан туындап жатады, яғни адам бір-бірінен тәні жөнінен қандай өзгеше болса, жаны жөнінен де соншама өзгеше болады, жанның қуаты біреуде мол, енді біреуде аз. Мұндай жағдай оның темпераментіне де байланысты. Тәнді жетілдіруге болатын сияқты жанды да жетілдіре беруге болады, – дейді ұлы ұстаз.

Фараби еңбектерінде осы секілді айшықты психологиялық ойлар, қолтума пікірлер мол. Бұлардың бәріне тоқталып жатуға мақаланың көлемі көтермейді. Фарабидің психологиялық пікірлерінен туындайтын педагогикалық пікірлердің өзі қаншама десеңізші! Ол тәрбиенің сан-сапасынан (адамгершілік, ақыл-ой, дене, эстетика, т.б.) небір тамаша пікірлер айтқан. Оның ұстаз ғибраты, ғылым-білімді меңгерудің жолдары туралы айтқан сындарлы пікірлерінің әрқайсысы дербес зерттеуді қажет ететін мәселелер.

Фараби сынды ірі тұлға сөз болғанда оның кейінгі ұрпаққа әсер-ықпалы қандай болды деген сұрақ өзінен өзі туындайды. Ұлы жерлесіміздің ілімі әлемдік ғылым мен мәдениеттің прогресіне игілікті әсер еткен. Мәселен, Европа континентіне Фараби қалайша ықпал жасағанын неміс

философы Гегель де айтқан. Оның бүкіл Шығыс әлеміне, әсіресе, Орта Азия мен Қазақстанның қоғамдық ой-пікірінің дамуына қолайлы әсер еткендігі де даусыз ақиқат. Мәселен, біздің кемеңгер ойшыл ақынымыз Абай ұлы бабасының ілімінен барынша мол сусындағандай. Сөзіміз дәлелсіз болмас үшін деректерге жүгінейік. Фараби «Философияны үйрену үшін алдын ала нені білу қажет» дейтін еңбегінде: ғылымды білу үшін үнемі сол ғылымның жолында болу қажет... Ғылымнан басқамен шұғылдануды азайту керек болады. Әрбір нәрселермен шұғылдана беруден істе тәртіпсіздік пайда болады» десе, Абай «Отыз екінші сөзінде»: «Көңілің өзге нәрседе болса, білім, ғылым қонбайды. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі... Ғылымды үйренгенде ақиқат мақсат пен білмек үшін үйренбек керек», - дейді. Осы жолдардың мазмұн ұқсастығы бізді ойландырады.

Фараби мұрасы қыры мен сыры көп телегей теңіздей мол дүние. Ұлы бабамыздың бай мұрасын барша жұртқа паш ету – оның қазіргі ұрпақтары – біздердің абыройлы міндетіміз һәм борышымыз.

I. Қазақ халықтық психологиясының бел-белестері

Қазақ жерінде психологиялық ой-пікірлердің үдере дамуының басқа Ортаазиялық ағайындарға (қырғыз, өзбек, түрікмен, т.б.) қарағанда өзіндік бірнеше ерекшеліктері бар. Соның ең бастысы – ұлан-ғайыр жерді мекендеген балажан, ақкөңіл, төзімді халқымыз өз ұрпағын жақсы адам, абзал азамат етіп тәрбиелеуге ерекше мән беріп, мұны басты мақсат тұтқан. Қазақ даласындағы жау десе қару-жарағын сайлап, ел десе еңіреген ерлер, әділдік пен шындық, адамдықты ту еткен ақын-жыраулар, бармағынан бал тамған ісмерлер мен зергерлер, от ауызды, орақ тілді би-шешендер мен ақылман ақсақалдар, еміренген абзал аналар ғасырлар барысында сұрыптала қалыптасқан қазақи тәрбиенің жемісі екендігі хақ. Келесі ерекшелігіміздің тағы бір дерегі қазір «Мәдени мұра» аясында жарық көріп жатқан 100 томдық «Бабалар сөзі» болса керек. Қазақ халқындай фольклор мұрасына аса бай елді әлемнен табу қиын. Ал «фольклор – халық психологиясының айнасы» дейтін қағида ертеден айтылып жүр.

Қазақ топырағы жантану ілімі жайында жеті трактат жазған әл-Фарабидей ой алыбын тудырғаны да, мұның психологиялық ой-пікірлерінің үдере дамуына айтарлықтай әсер еткені де даусыз.

Егемен, тәуелсіз Қазақ елі жағдайында қазір жалпыадамзаттық құндылықтарға қол жеткізіп, біртұтас мәдени жүйе қалыптастыру үшін өткен жолымызды, шыққан тегіміз бен биігімізді бағалай білуіміз қажет. Өйткені, өткенін бағалай білмейтін ел келешегін де болжай алмайды. Біздің өткен жолымыз, шыққан биігіміз – Еуразия даласын дүбірлете өтіп, Еуропа әлемін оятқан жасампаздыққа толы тарих.

Ежелгі ата-бабаларымыздың күмбірлеген күміс күйімен, жан тебірен-терлік сыбызғы үнімен, асқақтата салған әсем әнімен, ғашықтық, лиро-

эпос жырымен, «қысқа болса да, нұсқа» мақал-мәтелімен, шешендік сөз, айтыс, жырларымен сан ғасырлар бойы өз ұрпағын «сегіз қырлы, бір сырлы», өнегелі де, өнерлі, имандылық-адамгершілік ар-ожданы жоғары, намысқор азамат етіп тәрбиелеп келгені психологиялық тұрғыдан аса мәнді тарихи дерек.

Халқымыздың психологиялық ой-пікір тарихының қалыптасып, даму жолын қазақ елінің азаматтық тарихымен орайластыра отыра, бұл үрдісті негізгі төрт кезеңге бөліп қарастыруды ғылыми тұрғыдан дұрыс тұжырым деп есептейміз.

Мұның бірінші кезеңі – VI-XIV ғасырлардан басталатын қазіргі түркі тектес халықтардың бәріне ортақ психологиялық ой-пікірлердің ілкі бастау, түп-төркініне ежелгі түркі ескерткіштері «Күлтегін», «Тоныкөк», «Білге қаған», Орхон-Енисей жазулары мен Қорқыт ата, Әбу Насыр әл-Фарабидің, Ж.Баласағұни, т.б. тағылымдарын жатқызу ләзім. Екінші кезең – қазақ хандығының құрылу дәуірінен басталып, Қазан төңкерісіне дейінгі психологиялық ой-пікірлердің дамуын қамтыса, үшінші кезең – психология ғылымының кеңестік Қазақстанда маркстік идеялармен рухтанған, яғни коммунистік идеологияның дәурендеген кезеңіне тұстас келеді. Төртінші кезең – бұл – тәуелсіздік жылдарынан бастау алатын, қазіргі егемен елдің психологиясы.

XV ғасырдың бірінші жартысындағы психологиялық ойлар дала философы атанған Асанқайғы толғауларында, қара үзген шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баянында» ерекше көрініс тапқан. Дала ғалымы аталған еңбегінде адамның жан құбылыстары (түйсік, ойлау, сөйлеу, қиял, дағды, мінез, қабілет, т.б.) туралы біраз мағлұматтар келтіреді. Ғұлама адамның иіс түйсігін – мұңк (қазіргіше иіс), татым (дәм), ойлауды «ойламалық», сөйлеуді «сөйлемелік», миды «мияқ» атауларымен өрнектейді. Ол өзінен бұрын өмір сүрген ұлы ғұламалардың (әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, т.б.) жан туралы түсініктеріне сүйене келіп, дүниедегі тіршіліктің басқарушысы, реттеушісі жүрек десе де, мидың атқаратын рөлін жоққа шығармайды. Оның адам есіне, ойлауына байланысты ой-түйіндері мен келтірілген нақты мысалдары қазіргі ғылым тұрғысынан дәйекті де нанымды. Осындай психологиялық ой-пікірлерді екінші дала ғалымы Мұхаммед Хайдар Дулати да айтқан. Оның қазақ халқының өзіндік психологиясы, ел басқару, дін мен денсаулық, ұрыс жүргізу туралы айтқандары психологиялық тұрғыдан ерекше назар аудартады.

Дала психологиясы тұрғысынан қарағанда ерекше орын алатын, елді таңқалдыратын жайт – бұл қазақ хандарының жан ілімінен жақсы хабардар болғандығы. Мәселен, Жәнібек ханның түйіндерінде, қазіргі тілмен айтқанда, психогигиеналық, психопрофилактикалық ұстанымдар байқалады (Шипагерлік баян. Ө. Тілеуқабылұлы. Алматы, «Жалын». 1996, 43-б.). Ол «Жеті атаға толмай қыз алыспауға, адамдардың бір-бірімен

сүйіспеуіне, зинақорлыққа бармауға және кез келген үйде тазалықтың сақталуына пәрмен беріп, үкім шығарады. Ал мұны орындамағандарға өте қатал жаза қолданған (масқаралау, дүре соғу, дарға асу, т.с.с). Осындай елдегі тұрақтылықты сақтау үшін, заң нормаларын дала өркениетіне сіңіру негізінде дайындалып, сол кезеңдерде Ата заңға айналған кодекстердің ішінде: «Қасымханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» бұқара халықтың тіршілігіне қажетті гуманистік идеялардан туындаған, әлеуметтік мәні осынау қағидалар дала психологиясында ұрпақтар сабақтастығының болғанын дәлелдейді. Мұның бәрі халықтың өмірі мен тұрмысына деген үлкен қамқорлықтан туындағанына еш күмән жоқ.

Елімізде инновация ұғымы ертеден, сонау Қасымханның тұсында Керей мен Жәнібек хандар Шу мен Талас бойындағы елмен шектелмей Ұлы Даланың әр түкпірінде тарыдай шашылған ұлыстардың басын біріктіру үшін, қазірше айтқанда, мемлекеттік басқару мен салықты әкімшілендірудің жаңа үлгісін, экономикалық ықпалдастықтың жаңа түрін қалыптастырғанын байқатады. Осының нәтижесінде қысқа уақыт ішінде жаңа хандыққа біріккен халық саны миллионға жеткен. Инновацияның түрлері көп емес пе? Мұны ұйымдастырушылық инновация деуімізге болады.

Ал қазіргі кезде бірімен-бірі жарыса шығатын заңдар мен заңнамалық актілерден және күнде ауысатын үлкен-кіші басшылардан халыққа келетін пайдалы түйіндер мен істер жоққа тән.

XVIII ғасырдағы Тауасарұлы Қазыбек бидің «Түп тұқияннан өзіме шейін» дейтін еңбегінде сол заманның әлеуметтік, рухани өмірін баяндаумен бірге жекелеген психологиялық мәселелері әрі қазақ халқының соғыстық өнерінің психологиялық жақтары сөз болған. Сөйтіп, жауға қарсы ұрыс салудың оннан астам әдістері («ошақ соғысы», «ай қораланды», «қаша ұрыс салу», «жүре соғысу», «қоян-қолтық соғыс», «шұбыртпалы соғыс», «екі аша соғысы», «үш тоғыс соғысы», «аламан соғыс», т.б. соғысу тактикалары) баяндалған. Халқымыздың осындай жауынгерлік тактикасын кешегі Ұлы Отан соғысында Бауыржан Момышұлы сынды батыр тұлғалар ұрыс даласында жаңаша тактикалық әдіс ретінде қолданғаны даусыз.

Халқымыздың азулары алты қарыс философ-жыраулары – Шалкиіз, Жиёмбет, Ақтамберді, Шал ақын, Бұқар Қалқаманұлдарының көшпенділер психологиясының сан қырларын суреттейтін толғаулары дала дипломаттары атанған ұлы үш биіміз – Төле би, қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке билердің психологиялық тұрғыдағы аса құнды ойларымен тоқайласып жатқаны рас.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы психологиялық ой-пікірлердің дамуы қазақтың үш ой алыбы – Ыбырай, Шоқан, Абай есімдерімен байланысты екендігі белгілі.

XX ғасырдың бірінші ширегіндегі психологиялық ой-пікірлердің дамуына – Ш.Құдайбердіұлы, С.Торайғыров, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, т.б. еңбектері зор әсерін тигізді.

Қазақ топырағында XX ғасырдың басында тәлімдік ой-пікірлерімен ұлттық колоритке толы психологиялық көзқарастарымен барша жұртты тәнті еткен, қазақ жантану ілімінің көшбасшысы ретінде танылған Ж. Аймауытовпен қатар оқу-тәрбие ісіне тікелей қатысты педагогикалық психологиялық тұрғыдан ерекше ден қойып, М. Жұмабаевтың қосқан үлесін ерекше атап өтуге болады.

Ж. Аймауытовтың психология саласындағы еңбектерінің («Тәрбиеге жетекші», «Психология», «Жан жүйесі және өнер таңдау», «Комплекспен оқыту жолдары», т.б.) басты бір ерекшелігі – бұлар төл тіліміздегі тұңғыш психологиялық туындылары болуымен қатар бұрынғы Кеңес елін мекендеген түркі тілдес халықтар тілдерінде (қырғыз, өзбек, түрікпен, әзірбайжан, қарақалпақ, татар, башқұрт, т.б.) алғаш жарық көрген бірден-бір ғылыми басылымдар екендігінде.

М. Жұмабаев сынды жыр дүлдүлінің тәлім-тәрбие ғылымының (педагогика, психология, т.б.) теориялық мәселелеріне бой ұруы аса таңғаларлық жайт. Өйткені, бұл салада ғылыми еңбек жазған әлемдік ақын-жазушылар некен-саяқ. Осы тұрғыдан алғанда Мағжанның «Педагогика» (1922-1923 ж.ж.) атты кітап жазуы өмірде өте сирек кездесетін, тек аса талантты, данышпан адамдарға ғана тән қасиет.

Кеңестік кезеңде Қазақстанда психология ғылымының дамуына өзіндік үлес қосып, осы салада артына мол мұра қалдырған академик Т. Тәжібаев екені белгілі. Қазақстандағы ғылыми психологияның дамуына ерекше үлес қосқан енді бір ғалым – М. Мұқанов. Оның 1979 жылы жарық көрген «Дәстүрлі мәдениет өкілдеріндегі когнитивті эмпатия мен рефлексияның зерттелуі» атты ғылыми мақаласы мен 1980 жылы жарық көрген «Ақыл ой-өрісі» кітабы – Қазақстан психологиясына қосылған құнды мұра. Ол өзінің артына 10-нан астам жеке кітап (оқу құралдары, монография, әдістемелік жинақтар, т.б.) қалдырды. Ғалым тоталитарлық жүйенің қылышынан қан тамып тұрған кезінде-ақ ешкімнен тайсалмай, жасқанбай қазақтардың ұлттық психологиясын зерттеуге барды. Өзінің 20 жылға созылған этнопсихологиялық зерттеулерінде қазақ халқының сонау ерте замандардың өзінде-ақ ой-өрісі өте жоғары болғанын эксперимент арқылы дәлелдеп берді.

II. Қазақ психологиялық қоғамы

Соңғы кезде қазақ елінің бас ұранына айналған, тұңғыш мемлекеттік ресми идеология, яғни «Мәңгілік Ел» идеясының жариялануы әлемдік кеңістікте түркітілдес елдердің бірлігіне негізделген идеяның ортақ психологиялық үндестігінің бар екенін жақсы байқатады. Елбасы жариялаған «Мәңгілік Ел» идеясы – қазақ өркениетінің, сайып

келгенде, оның сан ғасыр бойына қордаланған психологиялық ой-түйінділерінің алтын діңгегі.

«Мәңгілік Ел» – түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк (Тұй-ұқық) негізін қалаған идея екендігі белгілі. Елтеріс Құтлық қаған екінші Түрік қағанатын құрғаннан кейін Тоныкөк «Мәңгілік Ел» идеясын қолға алады. Түрікелінің билігі деп осыдан 14 ғасыр бұрын жарияланған идеяны, елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс шеңберін жасау арқылы Көк Түріктер жүзеге асырды. Сол идея, сол мұрат бүгінгі қазақ елінің бас ұранына айналууда. Көк түркілердің ұраны болған «Мәңгілік Ел» идеясы сол кездегі саяси әскери психологиялық ұстанымдардың болғанын, ел басқару жүйесінде ішкі тұрақтылыққа негізделген ортақ идеология.

Дала өркениетінде дүниетанымдық идеялардың пайда болуына себепші болған ішкі беріктікке ұмтылған, жан тыныштығы мен ел бірлігін дәріптеген ойшыл ғұламалардың психологиялық мұрасы ұшан-теңіз деуге болады. Мысалы, атақты сазгер, ғұлама Қорқыт бабамыздың өлімге қарсы тұрып, мәңгі өмірге ұмтылуы сол замандағы ел билеушілерінің, халықтың мәңгі өмір сүруін армандағанының дәлелі. Қорқыттың мәңгі өмірді іздеген идеялары Жер-ұйықты іздеген Асанқайғының армандарымен сабақтасып жатыр. Қазақтың халықтық психологиялық ой-пікірлерінің қалыптасуы сонау VI-VIII ғасырлардан басталып, XX ғасырдың 20 жылдарында орта ұлттық ғылыми психологиясына ойысты. Үстіміздегі XXI ғасырдағы қазақ психологиясын өрістету – бізден кейінгі ұрпақтың еншісі болмақ.

Кеңес үкіметі аясында психология ғылымының дамып, өркендей түсуіне біраз тұсау салынып, кедергілер болғаны да рас. Мәселен, 1947 жылы КазГУ-де ашылған логика және психология бөлімі 1953 жылы жабылды. Содан 35 жылдан кейін ғана (1988) жұртшылықтың үлкен дабылынан кейін орыс тілді 25 шәкіртке психологиядан білім алуға мүмкіндік туды. Ал оның қазақ бөлімі төрт жылдан кейін ғана ашылғаны бізді ойлантады. Осы кезге дейін елімізде психологиялық ғылыми-зерттеу институты түгіл дербес кафедралардың өзі саусақпен санарлық. Бұлардың өзі де әлі күнге дейін АҚШ пен Батыстың ықпалынан шыға алмай келеді. Психологиялық кадрлар (бакалавриат, магистратура) республиканың 13 университетінде даярлануда. Бірақ бұларға берілетін гранттар өте аз. Сондықтан бұл мамандыққа келушілердің қатары жыл сайын кеми түсуде. Психология ғылымының жағдайы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін оңалар деген үмітіміз де әзірше ақтала қойған жоқ. Осы айтқанымызға дерек келтірсек, олар мына төмендегілер: **Біріншіден**, тәуелсіздік алғаннан кейін осы ғылымды елімізде дамыта түсу жолында біздер, ғалымдар біраз әрекеттендік. Алдымен Алматы облыстық қауымдастығы (1991 ж.), кейінірек, академик Т.Тәжібаев атындағы Этнопсихология орталығы (1998 ж.) ұйымдастырылды. 14 рет

ғылыми конференциялар өткізілді. Олардың төртеуі халықаралық, тоғыз республикалық деңгейде. Бір әттеген-айы, Орталық ұйымдастырған осы шаралардың бірде-біреуіне мемлекет тарапынан, нақтылап айтсақ, Білім және ғылым министрлігінен қолдау болмады.

Екіншіден, өркениетті елдерде жас ұрпаққа психологиялық білім беру ертеден келе жатқан дәстүр және ол жақсы жолға қойылған. Бізбен тағдырлас Ресей, Украина, Өзбекстан, Армения, т.б. ТМД елдерінде психология пәні орта мектептерде оқытылып жүр. Біз де осы үрдіске үн қосып, 1994 жылы психологиядан «Әдеп және жантану» атты оқу құралын хрестоматиясымен қоса, әрқайсысы 100 мың данамен жарыққа шығардық. Бірақ, бұл пән әр түрлі себептермен Қазақстан мектептерінде оқытылмай келеді. Кейіннен аталған оқу құралы 2 мәрте («Жантануға кіріспе», 2000 ж., «Қазақ этнопсихологиясына кіріспе», 2014 ж.) тағы да жарық көргенімен алғашқы басылымның күйін кешіп, мектептерде әлі де оқытылмайтыны өкіндіреді.

Үшіншіден, қазақ елінде психологияның ғылыми-зерттеу институтын ашу мәселесін көтергенімізге де 25 жылдай уақыт өтті. Бұл мәселе де әзірше шешімін таппай отыр.

Төртіншіден, психология пәнін жоғары оқу орындарында оқытудың көпжылдық тәжірибесі бар екені белгілі. Ал несиелі оқуға көшуге байланысты осы пән келешек мамандар үшін керексіз ғылымға айнала бастады. Мәселен, университеттерде бұрын жеткілікті көлемде оқытылып келген психология академиялық пән (қазір 15 сағат көлемінде оқытылады), арнаулы курстардың оқу жоспарынан алынып тасталғаны түсініксіз. Ал ұлттық психология курсын оқытуға байланысты «әл-Фарабидің психологиялық жүйесі», «Қазақ психологиясының тарихы», «Салт-дәстүр психологиясы», «Қазақ этнопсихологиясы (қазақ, орыс тілдерінде жарық көрген оқу құралдары мен бағдарламалары) психология бөлімдерінде оқыту жоспарынан неге алынып тасталған?!

Бесіншіден, Қазақстанда сегіз мыңдай мектепте үш миллиондай оқушы бар десек, бұл салаға мыңдаған педагог-психолог мамандар қажет екені белгілі. Бұл мәселе ТМД елдерінде жақсы жолға қойылған. Мәселен, Ресейдің әр губерниясындағы жоғары орындарында психология факультеті, оларда мыңдаған жас мамандар даярланады, алпыстан астам психология кафедралары, бірнеше ғылыми-зерттеу институттары, 70 мыңға жуық психолог мамандары бар. Бізде бұл көрсеткіш өте мардымсыз, ал ЖОО-дары арқылы психолог кадрларын даярлау ісі сын көтермейтінін жоғарыда айттық. Айта берер болсақ психология ғылымының дамуына кедергі келтіріп отырған көлеңкелі мәселелер баршылық. Бұл жайлар ұлттық мемлекетте, тәуелсіз елімізде осы ғылымды тікелей қамқорлыққа алатын психологиялық Қоғамның керек екенін айқындай түседі. Бір сөзбен айтқанда, халқымыздың психологиялық сауаттылығын арт-

тыру және психологиялық мәдениетін көтеру үшін Қазақ психологиялық қоғамының құрылуы өмір талабынан туындаған қажеттілік екені шындық.

2015 жылдың 15 мамырында академик Т. Тәжібаев атындағы Этнопсихология және этнопедагогика оқу-зерттеу орталығында ҚР Әділет министрлігінде бекітіліп (2015 жылдың 21 сәуір), тіркелуіне байланысты Қазақ психологиялық қоғамының тұсаукесері болды. Бұған Алматы қаласындағы ЖОО және орта, арнаулы оқу орындарының оқытушылары, ғылым кандидаттары мен докторлары, профессорлар мен доценттер қатысты. Жиынды кіріспе сөзбен Орталықтың ғылыми жетекшісі, профессор Қ. Жарықбаев ашты. Ол өз сөзінде: – Әділет министрлігінің Қазақ психологиялық қоғамының Жарғысын бекітуі – айтарлықтай оқиға. Қоғамды құруға мүмкіндік берген қазақ халқының сан ғасырлық, бай психологиялық мұрасы. Көптеген объективтік және субъективтік факторлар (еліміздегі аштық, репрессия, геноцид, т.б.) қазақтың ғылыми психологиясының дамуын біраз тежеп келген еді. Өткен ғасырдың 20 жылдарынан бастап ол дербес ғылым ретінде жұтшылыққа белгілі бола бастады. Қазіргі кезде елімізде 40-қа жуық психология ғылымдарының докторлары мен профессорлар, 150-ден астам психология ғылымының кандидаттары мен доценттері бар. Бұл арада ерекше атап өтетін жайт – елімізде психология саласындағы ғылым докторларының саны Орталық Азиядағы 4 республикалармен, Әзірбайжан еліндегі осы мамандық өкілдерінен сан жағынан асып жығылатындығы. Бұл бізге үлкен мақтаныш болумен қатар құрылып отырған Қоғамның ғылыми потенциалының жоғары екенін көрсетеді.

Қазақ психологтары әр түрлі халықаралық ғылыми конгрестерге қатысып, баяндамалар жасап жүргендігі, алыс-жақын шет елдердің психологиялық орталықтарымен ғылыми шығармашылық байланыста екендігін атап кеткеніміз абзал. Қазақ елінде кеңес дәуірінде де КСРО психологтар қоғамының Қазақстандық бөлімшесі болған. Ол 1958 жылы қыркүйекте құрылып, 1991 жылы желтоқсанда өз жұмысын тоқтатқан болатын. Елбасы Н.Ә. Назарбаев біздерге өркениетті 30 елдің қатарына қосылуға бағыт беріп отыр, ал бұған кіру – елімізде психологиялық қоғамның болуында қажет ететіндігінде. Бұл жайт келешекте осы қоғамның бүкіл дүниежүзілік психологиялық қоғамдарды (олар 100-ден астам) біріктіріп отырған халықаралық ғылыми психологияның қауымдастығына мүше болып енуге түрткі болу – осы Қоғамның негізгі мақсаттарының бірі. **Пленумда Қазақ психологиялық қоғамының негізгі мақсаты – Республика халқына психологиялық ілім-білімдерді насихаттау, елімізде психологиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ету екендігі баса айтылды.**

Болашақта Мәңгілік елде жайсаң жандар қатары көбейе түссін десек, психологияның теориялық және қолданбалы проблемаларына

ерекше назар аударуымыз қажет болып тұр. Осылардың ішінде негізгілері мына төмендегілер дер едік:

- «Қазақстан ұлты» атты қауымдастықтың қалыптасуының психологиялық механизмдерін зерттеу;

- «үш тұғырлы тіл» проблемасы, оның білім беру процесіндегі рөліне психологиялық сараптама беріп, негіздеу;

- полиэтностық қоғамдағы аралас некенің сыр-сипатын психологиялық тұрғыдан талдау;

- республикамызда тұратын әр түрлі этностардың ерекшеліктерін, оларды біртіндеп біртұтас қауымдастыққа біріктіру мәселесінің психологиялық астарларын зерттеу;

- мемлекеттік тілдің қалыптасу барысындағы түрлі түйткілдердің себептерін психологиялық тұрғыдан зерделеу;

- қазақ халқының ұлттық мәдениетінің сан-саласы, түрлеріне (айтыс, ән-күй, музыка, т.б.) психологиялық зерттеу жүргізу;

- еліміздегі әр түрлі діндердің, әсіресе мұсылман дінінің психологиялық астарларын қарастыру;

- коррупцияны (сыбайлас жемқорлық) психологиялық проблема ретінде зерттеуге алу;

- экстремистік, террорлық, теріс діни ағымдардың ықпалына түсіп кеткен индивидтерді түрлі әдістермен қоғамнан оқшаулау, оларды дұрыс жолға түсірудің психологиялық механизмдерін талдауға алу;

- түрлі деңгейдегі қылмыскер азаматтардың іс-әрекетін пенитенциарлық психология аясында зерттеу;

- ақ халатты адам жанына араша болып жүрген жандардың, жас ұрпақты жарасымды мінез-құлыққа тәрбиелеп жүрген ұстаз, тәрбиешілердің психологиясын зерттеу де үнемі назарда болатын психологиялық проблема, т.б.

Осы секілді Қазақстанға тән проблемалар әлемдік психологиядағы тарихи-мәдени және іс-әрекеттік, теориялық тұрғысынан зерделенбесе, бұлардың жүзеге асуы тек концепциялар, бос сөз болары хақ дегіміз келеді.

Жеріміздің ұлан-ғайыр кеңдігі ғасырлар бойы қалыптасқан имандылық пен дарқанды, қайырымдылық пен адамға деген мейірімділік, қазақ биосферасының өзіндік ерекшелігі. Жойқын соғыс пен ашаршылыққа, жұтқа ұшыраудың салдарынан ғасырлар бойына тірнектеп жинаған тәлім-тәрбиелік мұралары ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілуі тиіс. Мың өліп, мың тірілген кезеңдегі төзімділік пен шыдамдылық біздің ұлттық мінезіміздің жоталы беттері, халқымыздың ұлттық мақтанышы болумен қоса, алдағы уақытта тереңдете зерттеуді қажет ететін психологиялық проблемалар.

Көрнекті ғалым Мәжит Мұқановтың қазақ психологиясына қосқан зор үлесі

Ү. УАҚПАЕВА

Тарихтың белсенді буыны ретіндегі адамның рөлін бағалау. Әрбір адамға өзінің шыққан ортасы жөніндегі қызығушылығын арттыру. Ұлт тарихын білу бұл-өзін-өзі тану. Тарихтың дамуына әркімнің өз үлесін қосуы, тарих алдындағы әрбір адамның жауапкершілігін сезінуі. Тарихи сана мен өзін-өзі тану қоғам өміріндегі болашақтың дамуы үшін тиімді жол таңдау. Әрбір ұлт үшін қазіргі әлемде жүріп жатқан жаһандану үрдісі. Уақыт ағымында әркімнің өзін сенімді сезінудегі тарихи-мәдени мұраларды оқып-білудегі маңызы зор. Жас ұрпақтың ара жігін танып, тармақтап, жүйелеп ажыратуының қажеттілігі. Ерлікке толы өткенді білу рефлексияны қалыптастырады.

1967 жылдан бастап кафедра меңгерушісі болып доцент Мәжит Мұқанұлы Мұқанов тағайындалды. М. Мұқановтың жетекшілігімен кафедра мүшелері программалап оқытудың жаңа курсын жасауға белсенді атсалысқан, осы мәселе бойынша 1965-1970 жылдары Алматыда ғылыми конференциялар ұйымдастырылды. Кафедра оқытушылары 1966 ж. Мәскеуде өткен программалап оқытудың I Бүкілодақтық конференциясына қатынасқан. 1960-жылдары қазақстандық психологтар психологиядағы жаңа бағыттарға:

- психолингвистика саласын зерттеуге;
- тарихи-этникалық аспектіде ақыл-ой өрісінің әрекетін зерттеуге қызығушылық танытты.

1980 жылы Мәскеуде М. Мұқанов Орта Азия мен Қазақстанда тұңғыш рет «Тарихи-этникалық аспектіде ақыл-ой өрісін зерттеу» тақырыбында психологиядан докторлық диссертация қорғады. Ол кейінгі ұрпаққа оннан астам кітаптарын және 200 құнды ғылыми мақалаларын жазып қалдырды. Атап айтқанда, 1957 жылы

«Учебные записки АГПИИЯ»-ның II томында кенес заманындағы белгілі физиолог А.А. Ухтомскийдің қайтыс болғанының 15 жылдығына орай «Принцип доминанты и психология» деп аталатын еңбегі психология-педагогика сериясының 6 шығарылымында басылды. М. Мұқанов доминант принципінің психологиядағы мәнін көрсеткен. И.П. Павловтың ілімімен қатар, жоғарғы жүйке жүйесі іс-әрекетінің А.А. Ухтомскийдің ұстанымын қарастыра отырып, психологияның табиғи-ғылыми негізін түсіну үшін қажет екендігіне тереңірек мән беру жөнінде тоқталған.

1965 жылы 20-23 қазанда өткен «По вопросам программированного обучения при МВ и ССО Казахской ССР» деп аталатын бірінші республикалық семинарда М. Мұқанов баяндама жасайды. Сонан соң «Программированное обучение и применение технических средств» тақырыбындағы бірінші Бүкілодақтық конференцияда жасалған баяндамасының негізінде «Психолого-педагогические аспекты программированного обучения» деген атаумен 1966 жылы жарияланды.

1971 жылы «Ойды этно және лингвopsихологиясы тұрғысынан дәлелдеу» деген еңбегі жарық көрді. Ойдың тіл арқылы қалай берілетіндігі мәселесін, ойдың әр тілде түрліше берілуі, ой мен тілдің генетикалық төркіні туралы талдау жасаған. Б. Уорфтың (1897-1941) ойды тіл билейді дейтін жорамалына пікірлерін білдірген. Ой процесінің ішкі механизмін М. Мұқанов былайша түсіндіреді. «Ой адам миында жүзеге асады. Мида болып тұратын процестерді ойдың ішкі механизмі дейміз. Түрткі – қажеттілік. Ниет – ішкі жоспар. Ойлау деп ниет алабының үнсіз сөйлеу алабымен үздіксіз байланыста болу процесі. Ниет сыртқы алапқа бұрып, реттеп тұратын бағыт». Сөйлеу процесін іс-әрекеттің жеке жағдайы ретінде қарастырған. Тексттің ойды түзетуіне кең көлемде тоқталған.

Сол заманда тіл мәселесімен айналысқан шетел ғалымдарының еңбектерін талдады. Грузин психологы Д.Н. Узнадзе және швейцария психологы Жан Пиажемен хат жазысып тұрған. Жан Пиаженің 1946 жылы шыққан «Психология интеллекта» деген еңбегі бар.

М. Мұқанов пен Ә. Алдамұратовтың бірлескен шығармашылық одағы бәрімізге аян. Ә. Алдамұратов (1926-2001) «Оқушылардың грамматикалық ұғымдарын меңгеру психологиясы» туралы зерттеу еңбегін жазған. Психолингвистика саласында жазылған құнды зерттеу жұмысы болып табылады. М. Мұқановтың өте құнды кітабы «Ақыл ой-өрісі», «Психологиядан лабораториялық-практикалық сабақтар» деген атаумен шыққан оқу құралдары баспадан басылып шықты. 1982 жылы М. Мұқановтың «Жас ерекшелігі және педагогикалық психология» оқулығы жарық көрді. Әлі күнге дейін студенттер, оқытушылар сабақта қолданып жүр.

Ғалымның сіңірген еңбегінің бірі – Республикада этнопсихологияның негізін салуы болып табылады. «Қазақ психологиясы тарихының» авторы академик, психология ғылымдарының докторы Қ.Б. Жарықбаев ғалыммен тығыз қарым-қатынаста болды. Оның жетекшілігімен Б. Ыбыраев, К. Нұрғалиев, З. Нұртазина және Р. Қарамұратова кандидаттық диссертациялар қорғады. Сол жылдары кафедрада психология ғылымдарының докторлары: Б.М. Хамзин, Х.Т. Шериязданова, биология ғылымының кандидаты, доцент С.Т. Бұсырманова психология ғылымдарының кандидаттары: Ә. Алдамұратов, С.М. Сүлейменова, педагогика ғылымының кандидаттары – С.Р. Рахметова, Р.Қ. Мамбетова, филология ғылымының кандидаты О.М. Копыленко, аға оқытушылар: Х.С. Омарова, В.И. Куфтырева, К.Х. Хаң, аспиранттары: М. Қайырбаева, В. Стативкин

қызмет істеді, ал мен және Л.В. Мин екеуіміз ғалымның ғылыми ізденушісі (соискатель) болып, кандидаттық минимум тапсырдық. Біздің кандидаттық диссертация қорғауға мүмкіндігіміз бар екендігіне сенім артты.

Сонан соң 1980 жылы кеңестер одағының психологтары Қоғамының Президиумының көшпелі сессиясы өтіп, онда Алматыға сол заманның ірі психологтары – Б.Ф. Ломов, Е.Б. Шорохова, А.А. Бодалев, А.А. Брудный және басқалары келген еді. Олармен «терезесі тең дәрежеде» пікірлесті.

Мәжит Мұқанұлы батыр әрі аңғал кісі болатын. Жұбайының есімі Галина Исаковна, ұлдары Маджелат (психологиядан кандидаттық диссертация қорғаған), математик Исмат, немересі Нильс. Абай атындағы КазПИ-ге тексеріспен келген комиссияны жолатпауға тырысатын. Мен білетін ғалымдардың ішіндегі батыл болды, өйткені өзінің тіл туралы көзқарасын ашық білдірді. Психология ғылымымен шұғылданып жүрген жастар жөнінде мағлұмат жинап, жетістіктеріне қуанды. Бірде әңгіме барысында айтқаны бар болатын, «Қарағанды университетінде Сатыбалды Жақыпов деген жас психолог кандидаттық диссертация қорғауға шығайын деп жүр екен», - деген сөзін құлағым шалып қалды. Студенттерді тарихты және мәдени мұраларды тануға, бағалауға баулу. Психология тарихындағы М. Мұқанов мұрасын ұлттың, халықтың материалдық және рухани мәдениетіне қосқан өлшеусіз үлесі деп бағалау бүгінгі ұрпақтың міндеті.

Әдебиеттер:

1. Мұқанов М. «Ойды этно және лингвopsихологиясы тұрғысынан дәлелдеу», 1971 ж.
2. Мұқанов М. «Жас ерекшелігі және педагогикалық психология», 1982 ж.

30-й юбилейный День Психолога в Казахстане

М.П. КАБАКОВА

25 декабря 2020 года кафедра общей и прикладной психологии КазНУ им. аль-Фараби отметила 30-й юбилейный День Психолога в Казахстане. Мероприятие прошло в онлайн формате, на которое вошло порядка 100 человек.

Среди приглашенных гостей были мэтры психологической нау-

ки – Жарикбаев К.Б., Заслуженный деятель науки и техники РК, д.пед.наук, д.психол.наук, профессор, академик многих Академий, профессор Туркпенов Ж.Т., а также коллеги из разных вузов страны – КарГУ им. Е.А. Букетова, ЕНУ им. Гумилева, КазНПУ им. Абая, университета «Туран», Академии «Кайнар», Атырауского университета и мн. др., студенты, магистранты и преподаватели КазНУ.

В рамках онлайн мероприятия была представлена историческая справка об истории празднования дня Психолога в Казахстане, которая берет начало 25 декабря 1990 года в КарГУ им. Е.А. Букетова, инициатором и «законодателем» которого выступил Джакупов Сатыбалды Мукатаевич – известный казахстанский психолог, ученый и педагог, в то время заведовавший кафедрой психологии в КарГУ. Также было отмечено, что 2020 год в целом был юбилейным для психологической науки страны.

В своем приветствии уважаемый Кубигул Бозаевич поздравил студентов и все психологическое сообщество Казахстана с праздником, и обратился с предложением ко всем участникам мероприятия создать единый Гимн Психологов Казахстана и разработать Кодекс Чести психологов РК.

Кульминацией праздника было посвящение студентов 1-го и 2-го курсов в Психологи! Они прошли своеобразный «тест-викторину», отвечая на замысловатые вопросы. Викторину провел магистрант 2-го курса Лавров Антон – победитель международной олимпиады по клинической психологии в г. Рязань (Россия), гордость и надежда кафедры. После чего новоиспеченные студенты-психологи произнесли Клятву Психолога!

В завершение прозвучали поздравления от студентов и магистрантов, и гостей мероприятия. В числе гостей была Бокенчина Маншук Куандыкова – выпускница 1-го выпуска отделения психологии КарГУ им. Е.А. Букетова, кто принял самое активное участие в 1-м Дне Психолога в далеком 1990 году будучи студенткой 1-го курса. Ныне она доктор психол. наук и достигла больших профессиональных успехов.

Добрые слова напутствия сказали Забира Бекешовна и Оспан Сейдуллаевич, давний друг кафедры, профессор университета «Туран».

Модераторами Дня Психолога выступили – профессор Мадалиева З.Б. – зав.каф. общей и прикладной психологии, и Кабакова М.П., – и.о.проф. кафедры.

Праздник ее величества Психологии удался!

Мектеп – оқушы – ата-ана сабақтастығын тиімді үйлестірудің психологиялық аспектілері

А. ХАСЕНОВА

Жас ұрпақ біздің өміріміздің тікелей жалғастырушысы ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы. Адамзаттың өміріндегі ең қымбаттысы, көз қуанышы – бала. Оның бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтар отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада нәрленеді. Баланың бас ұстазы – ата-анасы. Тәрбие үрдісінің бір тарауы отбасымен жұмыс десек, отбасынан басталатын тәрбие мектеп өмірінен жалғасын табады. Қазақтың отбасында өмірге келген әр бала ес біліп, етек жиғанша, негізінен әке мен ананың тәрбиесінде болады. Бүгінгі мақсат әрбір бала мәдениеттің негіздерін білуі және түбегейлі біліммен сусындауы тиіс. Әрине, олардың жан-жақты дамуына ата-ана мен мектеп жағдай жасауы керек. Отбасында алған тәрбие мектепке келгеннен кейін одан әрі жалғасады. Баланың сабаққа зейін қоюы, саналы қарауы, озат та тәртіпті оқушы болып өсуі ол мұғалім мен ата-ананың еңбегінің жемісі. Дұрыс өспеген ағаш жеміс бермесі анық. Бүгінгі тәрбие берудің ауқымы кең, талабы жоғары. Соған орай заман талабы үлкен жауапкершілік пен жоғары білімділікті жүктеп отыр. Жеке тұлғаның қалыптасуына ықпалы ерекше болғандықтан, отбасы тәрбиесіне психологиялық және педагогикалық сүйемелдеу өте қажет. Қазіргі таңда отбасында тәрбиеленіп отырған балалардың психологиясы әр түрлі, сондықтан еліміздің ертеңі, болашағы жас ұрпақтың тәрбиелі, білімді, денсаулығы мықты азамат болып өсуі үшін мектеп пен ата-ана ынтымақтастығы берік болуы керек. Баланың сапалы білім алуы мұғалім және ата-анаға байланысты.

Психологиялық қолдау – балаңыздың ҰБТ-ны, ОЖСБ-ны сәтті тапсыруының бірден бір маңызды факторы. Баланы қалай қолдау керек?

ҰБТ және ОЖСБ-ға дайындалуда оқушыға қалай көмектесуге болады?

Тестілеуде балаңыздың алатын ұпай санына көп алаңдамаңыз. Балаңызға алынған ұпай саны оның нағыз мүмкіндігінің өлшемі емес екендігін ескертіңіз. Және сынақтан кейін нәтижесіне қарап балаңыздың жауабына ренжіп оны жазаламағаныңыз жөн. Тестілеу тапсырар алдында баланың алаңдаушылығын тудырмаңыз, бұл тестілеудің нәтижесіне теріс әсер етуі мүмкін. Балаға әрқашан ата-анасының қобалжуы, толқуы беріледі. Сондықтан оны сабырға шақырып, байсалдылыққа бейімдеңіз, әр жақсы жетістіктері үшін мақтап отырыңыз. Балаңыздың

өзіне деген сенімділігін жоғарылатыңыз. Себебі сәтсіздіктерден көбірек қорыққан сайын, қателерді көбірек жіберу мүмкіндігі соғұрлым артады. Баланың көңіл күйін қадағалаңыз, тек сіз ғана оның көңіл-күйінің қалай болып тұрғанын түсіне аласыз. Тамақтануға да назар аударыңыз: қарқынды ақыл-ой еңбегінде дәрумені көп тамақтың септігі мол. Әсіресе балық, ірімшік, жаңғақ, өрік және т.б. мидың жұмысын жақсартады. Бұл жерде де ескерер мәселе, мидың жұмысын жақсартады деп баланың қаламаған тамағын зорлықпен жегізу де нәтиже бере қоймас, ондай жағдайда керісінше, оның сүйіп жейтін асын дайындап берген дұрыс болар. Егер балаңыз қиналса көмектесіңіз. Алдын ала тесттері бар кітаптар сатып алып, балаңызды жаттықтырыңыз. Мұнда балаңыз тәжірибе жүзінде тестерді орындауға, уақытты үнемді пайдалануға үйренеді. Бұл балаңыздың барлық тестілеу барысында зейінін бір жерге шоғырландыруға дағдыланады. Қажет болса бірге дайындалыңыз. Кейбір балалар оңаша дайындалғанды жақсы көрсе, кейбір оқушы жанында жақын адамы болғанды қалайды. Емтихан болар алдында балаңыз жақсылап тынығып, ұйқысы қанғаны жөн. Алдымен барлық мәтінді, олардағы тапсырмаларды бір көзбен жүгіртіп шықсың, ол балаңыздың жұмысқа деген ынтасын жоғарылатады. Сұрақты бар зейінін қоя оқып, оның мәнін түсінсін, себебі көп жағдайда балалар тесттің бірінші сөзін ғана оқып, сөйлемді соңына дейін қарамай, жауапты таңдай салады. Егер сұрақтың жауабын білмесең немесе күмәндансаң, оны белгілеп қой да, кейін барлық тапсырмаларды орындағаннан кейін сол сұраққа оралып, қайтадан істеп көр. Егер берілген уақытта сұрақтарға жауап бере алмай жатсаң ең мүмкін деген жауапты таңда не интуицияңа жүгін. Емтиханды сәтті тапсыру көбіне баланың көңіл-күйіне және соған ата-анасының қатынасына байланысты. Балаңыздың емтиханда алатын ұпай саны сізді мазаламайтынын көрсетіңіз. Ұпай саны білімін толық көрсете алмайтынына сендіріңіз.

Есіңізде болсын. Негізгісі – уайымын, үрейін төмендету. Баланы қобалжу мен қорқудан арылтып, оның дайындалуына қолайлы жағдай жасау.

Мамандық таңдауда ата-ананың рөлі қандай болу қажет?

Мамандық таңдау – әр адамның ең маңызды шешімі. Дегенмен таңдау жасауға Жүсіпбек атамыздың «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл – жай күнелту, асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» деген сөзін бағыт сілтер темірқазық деп алсақ болады. Кімде кім өзіне біткен ыңғайына қарай өз жолымен қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. Өз орнында істеген адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ, әр өнер, әр қызмет мемлекетке, әлеуметке қажет.

Мамандық таңдау – өте жауапты және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қа-

лауына сүйену керек. Дұрыс таңдаған мамандық адам өміріне жағымды әсер қалдырып, өзін-өзі құрметтеу, өмірге құлшыныс сезімдерін арттыра түседі. Барлығымыз да баламыздың болашағы сәтті қамтылғанын қалаймыз. Ата-аналар сабаққа және ашық іс-шараларға қатысу арқылы өз баласының бейімін мүлдем басқа қырынан көреді. Мамандық таңдау бойынша оқушылар мен ата-аналарға мына төмендегідей жаднама ұсынылады. Мамандық таңдау – өте жауапты іс. Мамандық таңдай отырып, алдымен, баланың қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына қарау керек, содан кейін барып жанұялық салтпен санасуға болады.

- Балаңызды болашақ мамандығын өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз.

- Оның таңдаған мамандығына деген қарсылық пен қолдауды бірге отырып талқылаңыз.

- Мамандық таңдар кезде тек материалдық пайданы ғана ойламай, балаңыздың рухани қанағаттануын да естен шығармаңыз.

Қорытындылай келе бүгінгі мектеп пен отбасының немесе мектептің отбасына ықпал етуінің негізгі формаларын таңдай отырып, жүйелі жұмыс жасасақ, үлкен нәтижеге қол жеткізеріміз анық. Өсіп келе жатқан жеткіншек, ереже бойынша, өмірлік үлгіні ата-анадан алады. Олар ата-анасының өмірлік үлгісін бағалап, құрмет тұтады. Оларға өмір сүру үшін махаббат және көмек қажет. Жас ұрпақты бар мейірімі мен күш жігерін сарп етіп, болашақ еліміздің тұтқасы болуына ата-ана еңбек етсе, болашақтың тізгінін ұстар, халықтың үмітін ақтар, дені сау, білімді де саналы ұрпақ өседі.

Мектепті басқару мен дамытуда көшбасшылықтың рөлі

Ф. АМАНОВА

Білім беру мекемесін басқару басқа бір мекемені, кәсіпорынды немесе әлеуметтік ұйымды басқарудан мүлдем ерекше. Мектепті басқару теориясы 4 блоктан тұрады: *жетекшілік, басқарушылық немесе әкімшілік; педагогикалық; коммуникативтік; зерттеушілік.*

Мектеп қызметінің негізгі мақсаты – тұлға бойында өзіне де, қоғамға да қажетті белгілі бір қасиеттерді қалыптастыру, сондықтан да осы жүйені басқаруда әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық аспектінің ерекше рөл атқаратынын естен шығармаған жөн. Мектепті басқару оқу-тәрбие жұмыстарымен қатар, әдістемелік жұмыстар арқылы жүзеге асырылады.

Басқару дегеніміз – шешім қабылдауға бағытталған, белгіленген мақсатқа сәйкес басқару нысанын ұйымдастыру, қадағалау, реттеу, алынған шынайы ақпарат негізінде талдау жасап, нәтижесінің қорытындысын шығару әрекеті деп түсіндіруге болады. *Басқару* – тұлғааралық өзара қарымқатынастың ерекше түрі. Мектепшілік басқару ұғымдарында Мысалы, «*ықпал ету*» ұғымының орнына «*өзара әрекеттесу*», «*ынтымақтасу*», «*рефлексивті басқару*» ұғымдары қолданылуда. Сол сияқты мектепті басқару теориясы мектепшілік менеджмент теориясымен байланыстырамыз.

В.Г. Афанасьев «Басқару – қоғамның, оның кез келген даму сатысындағы, өзіне тән ішкі қасиеті. Бұл қасиеттің жалпылық сипаты бар және ол қоғамның жүйелілік табиғатынан, адамдардың қоғамдық, ұжымдық еңбегінен, еңбек пен өмір барысында қарым-қатынас жасау, өзінің материалдық және рухани өмірінің жемісімен алмасу қажеттігінен бастау алады» десе, Г.И. Шукина «басқару дегеніміз – мектеп ішіндегі «психологиялық, ұйымдастырушылық және әдістемелік» сияқты күрделі процестер мен қатынастарды саналы түрде реттеу. Дегенмен басқарудың алдыңғы қатарлы тәжірибесін жинақтап қорыту материалды жинаумен ғана және оны тиісті ғылыми-әдістемелік тұрғыдан бағаламай, тек баяндаумен шектеледі» дейді, ал К.Я. Вазина «Басқару – нақты бір мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін және қалыптасуға жауап беретін жүйенің қызметі» деген болатын. Олай болса *басқару* дегеніміз не?

- *Басқару* – басқаларды табысқа жеткізу;
- *Басқару дегеніміз* – басқа адамдарды еңбекке тарту;
- *Басқару* – қызметкерлерді табысқа және өзін-өзі жетілдіруге алып

келу және т.б.

Ал «*Көшбасшы*» ұғымына «Саяси энциклопедия» келесідей анықтама береді: «*Көшбасшы*» [ағыл. leader – бастаушы] – кез келген қоғамдық ұйымның, әлеуметтік топтың беделді мүшесі, оның тұлғалық ықпал ете алу қабілеті әлеуметтік үдерістер мен жағдаяттарда, топтағы, ұйымдағы, қоғамдағы өзара қарым-қатынасты реттеуде маңызды рөл атқаруына мүмкіндік туғызады; белгілі бір қауымдастықтың қызығушылықтарын жүзеге асыруға бағытталған бірлескен іскерлік әрекетін біріктіру мақсатында басқаларға әсер ете алатын тұлға» деп қарастырылған.

Р.Л. Кричевский «*Көшбасшы* – өз тобына одан әрі ықпал жүзеге асыруына көмектесетін құнды қабілеттерге ие топ мүшесі. *Көшбасшылық* – топ және топ мүшесінің алдында тұрған басты мақсатқа қол жеткізуге көмектесетін құндылықтарды жүзеге асыруға себепші болатын тұлғааралық ықпалдың жүру үдерісі» дейді. Ю.П. Платонов «*Көшбасшылық* – бұл бір адамның қабылдау, еліктеу, көндіру, түсінісу негізінде жүзеге асатын өзара іс-әрекет барысында қасындағы басқа адамдарға ықпал ете алуы. Көшбасшылық өз еркімен бағыну қағидасына негізделген» деген.

В.И. Румянцева «*Көшбасшылық* – бұл адами қарым-қатынас пен өзара қарым-қатынас; адамдардың өзара іс-әрекетін басқару. Көшбасшылық әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде құрауыштардың жинағын қамтиды: үдерістер, құрылым, көшбасшылықтың қызметтері, көшбасшы тұлғасы. Топтық жұмыстың мақсаты мен міндеттері, бірлескен еңбек іскерлігіне үлес қосу, тұлғааралық қатынас үдерістері, коммуникацияның жолдары және т.б.» деп айтса, Б.Д. Прыгин «*Көшбасшылық* – топтық мақсатқа оңтайлы уақыт ішінде сәйкесінше тиімді жолмен жетуге қабілетті шағын әлеуметтік топты ұйымдастыру және басқару үдерістерінің бірі» деп түсіндіреді.

Р. Стогдилл осы уақытқа дейінгі жүргізген зерттеулеріне талдау жасай отырып, көшбасшының он тұлғалық сапасын атап көрсетті. Олар:

- *Физикалық сапалары* – белсенді, ширақ, дені сау, мықты;
- *Тұлғалық сапалары* – икемделушілік (бейімделушілік), өзіне деген сенімділік, беделділік (абыройлылық), жетістікке жетуге ұмтылыс;
- *Интеллектуалдық сапалары* – ақыл, қажетті шешімді қабылдай алу, алдын-ала сезу (интуиция), шығармашылық бастау;
- *Қабілеттер* – қатынасқа түсуге жеңілділік, қарым-қатынас орнату, өнегелілік, сауаттылық.

Т.Д. Зинкевия – Евстигнееваның ойынша кез келген деңгейдегі көшбасшы төменде көрсетілген көшбасшылық сапаларды меңгеруі қажет:

- *Жүйелік ойлау дағдысы және жағдаятты талдау іскерлігі* (көптеген дереккөздердің ішінен пайдалы ақпаратты бөліп алу, талдау және болжау біліктілігі, тәуекелділікті бағалай алу);
- *Коммуникативті ерекшеліктер* (сенімді атмосфераны құра білу, өзгелер тарапынан ұсынылған идеяларды қабылдау, ұжымды жұмысқа тарту, ынталандыру, өз сөзін сенімді, нақты, әрі анық жеткізуі);
- *Мінездің көшбасшылық қырлары* (өзіне деген сенімділік, өзгелердің бойына өздеріне деген сенімділікті орнату, өзара қарым-қатынасты реттей алу, өзіне жауапкершілік алу қабілеті, нәтиже мен іс-әрекетке бағыттылық).

Көшбасшылық қабілеттіліктерге:

Интеллектуалдық: ақыл мен логика, парасаттылық, көрегенділік, зеректік, білімділік, риторикалық, эмпатиялық, танымдық және т.б.

Мінез-құлықтық: бастамашылдық, икемділік, қырағылық, жасампаздық пен шығармашылық, шыншылдық, батылдық, сенімділік, өз бетінше әрекет етуі, жетістікке жетуге ұмтылыс, табандылық пен қажырлылық, жұмысқа қабілеттілік, жылы жүзбен қарау, сыпайылық, сабырлық және т.б.

Кәсіби дағдылары: уәде алу қабілеті, қолдау көрсету, серіктесу іскерлігі, мәртебеге қол жеткізу шеберлігі, такті және дипломатияшылдық, өзіне тәуекелділік пен жауапкершілік ала білу шеберлігі, ұйымдастыру іскерлігі, көндіре алу шеберлігі, өзін өзгерту іскерлігі, сенімді бола білу

шеберлігі, өзіл-қалжыңды түсіне білуі, адамдарды тану шеберлігі және т.б.

Мектеп директорының басшылық қызметі, оқу-тәрбие жұмысы мен сапасы үшін арнайы жауапкершілігі бар. *Мектеп директорының міндеттері:*

- кадрларды дұрыс таңдау мен орналастыру, мектептің педагогикалық ұжымына басшылық ету, мұғалімдердің кәсіби, ғылыми-теориялық және психологиялық-педагогикалық деңгейін көтеруге жағдай жасау, олардың педагогикалық шығармашылығына жол ашу және оқыту мен тәрбиенің озат педагогикалық тәжірибесін енгізу;

- оқу-тәрбие процесінің барысын, оқушылар білімінің сапасы мен жеке тұлға ретінде дамуын, сыныптан тыс жұмыстың мазмұны мен ұйымдастыруын бақылау;

- мониторинг жүргізу арқылы тиімді оқыту варианттарын таңдау, тиімді жолдарды болжай отырып, сапаны арттыру;

- оқушылардың кәсіби бағыты бойынша тәрбиелік жұмысты ұйымдастыру және оларға өмірде өз жолын табуға кеңес беру;

- оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарына практикалық көмек көрсету және оның іс-әрекетін белсендіру, мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру бойынша мұғалімдер мен оқушылардың қоғамдық ұйымдарымен іскерлік-ынтымақтастық қатынас жасау;

- Еңбек туралы Заңға, мектептің ішкі тәртіп ережелері мен жарғысына сәйкес мектеп қызметкерлерінің міндеттерін анықтау мен нақтылау;

- ата-аналар қоғамдастығы ұйымдарының жұмысын ұйымдастыру және оларға басшылық ету;

- жергілікті қоғамдық ұйымдар, мекемелер және негізгі кәсіпорындармен іскерлік байланыс орнату;

- мектептегі қажетті санитарлық-гигиеналық тәртіпті орнату, оқушылардың, мұғалімдер мен мектептің қызмет көрсету адамдарының сабақтағы және іс-әрекеттің басқа да түрлері барысында еңбекті қорғау мен қауіпсіздік шараларын сақтау;

- мектептің қазіргі заманғы материалдық - оқу базасын нығайту мен дамыту;

- мектеп қызметкерлерін жұмысқа алу мен жұмыстан шығару;

- мектептің педагогикалық кеңесімен келісіп, мұғалімдерді және мектептің басқа да қызметкерлерін мадақтау мен марапаттауға ұсыну.

В.А. Сухомлинский «Мектептің өткен жылғы жұмысына терең талдау жасамай, келер жылға жоспар құру мүмкін емес. Кемшіліктерді түзету өткен жылғы жұмысқа қаншалықты терең әрі жан-жақты талдау жасалғанына байланысты» дейді. М.М. Поташник, В.С. Лазарев *мектепті басқару* – оның қалыптасуы мен дамуын, табысты қызмет етуін қамтамасыз етуге бағытталған педагогикалық процестің барлық субъектілерінің мақсатты іс-әрекеті деп есептейді. Ю.А. Конаржевский (2000) басқару

қызметі циклының құрамына мынадай функцияларды қосып *педагогикалық талдау, мақсатты тұжырымдау, жоспарлау, басқару шешімін дайындау және қабылдау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу* басқарудың функционалдық құрамын жіктеу схемасын құрастырды.

П.И. Третьяков (2001): мектебіне қарай басқару функцияларының арнайы ерекшеліктері мен ішкі функцияларын талдай отырып, басқару функцияларын құрды. Ол төмендегідей бағыттардан тұрды: *реттеуші-түзетушілік, ақпараттық-талдамалы, ынталандыру – мақсаттылық, жоспарлау – болжамдау, ұйымдастырушылық – орындаушылық, бақылаушы – диагностикалық.*

2013 жылы педагогикалық шеберлік орталығының Кембридж университетінің Білім беру факультетімен бірлесіп әзірлеген ҚР жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасының мәнмәтініндегі басқару циклының функционалдық құрамы мынадай бағыттардан тұрды:

- *Аудит*: триангуляция негізіндегі өзіндік талдау, өзіндік бағалау;
 - *Басымдықтарды белгілеу*: стратегиялық бейнеде өзгерістерді ойластыру;
 - *Іс-әрекетті жоспарлау* мақсаттар мен міндеттерді қою, табыс критерийін келісу;
 - *Іске асыру тәсілдерін жоспарлау*: іс-шаралар кешені;
 - *Эвалюация әдістерін жоспарлау*: деректер жинау әдістері, өзгерістерді бағалау;
 - *Үдерісті қадағалау*: қадағалау, түзету;
 - *Ісіне берілгенді ынталандыру* әрі қолдау;
 - *Мониторинг, эвалюация*: табысқа жету деңгейін тексеру;
 - *Шолу және қайта қарау*: жаңа деректермен біріктіру.
- Басқару функцияларын орындау тиімді болу үшін басшыға не қажет:
- Көшбасшылық пен бөлінген көшбасшылық білімі мен түсінігі;
 - Басшының жеке қасиеті және әлеуметтік қарымқатынас дағдылары;
 - Басқаруды ынталандыру стилі;
 - Бірлесіп жоспарлау және командада жұмыс істеу;
 - Басқару, зерттеу және талдау дағдылары.

Мектепті басқару – оқу-тәрбие ісінің мақсатына жетуде және мектепті одан әрі дамытуда оқушылардың, мұғалімдердің, ата-аналардың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыруға арналған басқарушылық шешімдер қабылдау арқылы жүзеге асырылатын ерекше қызмет. *Мектепті басқарудың басты мәні* – оқыту мен тәрбиелеудегі оңтайлы нәтиже. Олай болса, «*ата-ана – оқушы – мұғалім*» арасындағы мақсатты байланысты нығайта отырып, *тәрбиелеу, оқыту, білім беру* іс-әрекетін жүзеге асыру.

«Интеллектілік лабильділігі немесе ауыса білу іскерлігі» әдістемесі

Ә. БІРМАҒАНБЕТОВА

Мақсаты: Лабильділікті, зейіннің ауысу қабілетін, бір міндетті шешуден екіншісін шешуге қате жібермей, жылдам ауысу іскерлігін зерттеу.

Материал: Жауап бланкі.

Сипаттама: Әдістеме 40 тапсырмадан тұрады. Тапсырмаларды эксперимент жүргізуші оқиды. Әрбір тапсырманы орындауға 3-5 секунд уақыт кетеді. Зерттелушінің жауаптары арнайы бланкте белгіленеді.

Нұсқау: «Сіздерге орындауға 40 тапсырма ұсынылады. Жауаптарыңызды арнайы бланкке белгілейсіздер. Әрбір тапсырмаға берілетін уақыт бірнеше секундтармен шектелген. Оқылған тапсырма қайталанбайды. Тапсырмаларды мұқият тыңдап, жылдам орындаңыз».

Тест материалы:

1. (Квадрат 1) «Самат» деген есімнің бірінші әрпін және жылдың бірінші айының соңғы әрпін жазыңыз. (3 сек.)

2. (Квадрат 4) «Жұп» сөзін кез келген бір әрпі үшбұрыштың ішінде болатындай етіп жазыңыз. (3 сек.)

3. (Квадрат 5) Төртбұрышты екі вертикаль және екі горизонталь сызықтармен бөліңіз. (4 сек.)

4. (Квадрат 6) Бірінші дөңгелектен төртінші дөңгелекке дейінгі сызықты екінші дөңгелектің астымен және үшінші дөңгелектің үстімен өтетіндей етіп жүргізіңіз. (3 сек.)

5. (Квадрат 7) Үшбұрышқа «+» қойыңыз. 1 санын үшбұрыш пен төртбұрыштың ортақ жеріне қойыңыз (3 сек.)

6. (Квадрат 8) Екінші дөңгелекті үшке, ал төртінші дөңгелекті екі бөлікке бөліңіз. (3 сек.)

7. (Квадрат 10) Егер бүгін «сәрсенбі» болмаса, онда өз есіміңіздің соңыға таяу әрпін жазыңыз. (3 сек.)

8. (Квадрат 12) Бірінші төртбұрышқа «+», үшіншіні сызыңыз, алтыншыға «0» қойыңыз. (4 сек.)

9. (Квадрат 13) Нүктелерді түзу сызықпен қосыңыз және кіші үшбұрышқа «+» қойыңыз. (4 сек.)

10. (Квадрат 15) Бір дауыссыз әріпті дөңгелекпен қоршаңыз, дауысты дыбыстарды сызыңыз. (4 сек.)

11. (Квадрат 17) Трапецияның бүйір қабырғаларын бір-бірімен қиылысқанға дейін созыңыз және қиылысу нүктесін өзіңіз тұратын қала атының соңғы әрпімен белгілеңіз. (4 сек.)

12. (Квадрат 18) «Синоним» сөзінің алтыншы әрпі дауысты болса, төртбұрышқа «1» санын жазыңыз (3 сек.)

13. (Квадрат 19) Үлкен дөңгелекті қоршаңыз және кіші дөңгелекке «+» қойыңыз. (3 сек.)

14. (Квадрат 20) Бірінші және үшінші нүктелерге соқпай, 2, 4, 5 нүктелерді өзара қосыңыз. (3 сек.)

15. (Квадрат 21) Егер екі көп цифрлы сандар әр түрлі болса, екеуінің арасындағы сызыққа дұрыс белгісін қойыңыз. (2 сек.)

16. (Квадрат 22) Бірінші сызықты 3 бөлікке, екінші сызықты 2 бөлікке, ал үшінші сызықтың екі ұшын А нүктесімен қосыңыз. (4 сек.)

17. (Квадрат 23) Бірінші сызықтың төменгі ұшын екінші сызықтың жоғарғы ұшымен, ал екінші сызықтың жоғарғы ұшын төртінші сызықтың төменгі ұшымен қосыңыз. (3 сек.)

18. (Квадрат 24) Тақ сандарды сызыңыз және жұп сандардың астын сызыңыз (5 сек.)

19. (Квадрат 25) Екі фигураны дөңгелекке алыңыз және бір-бірінен вертикаль сызықпен бөліңіз. (4 сек.)

20. (Квадрат 26) А әрпінің астына төмен қарай бағытталған стрелка, В әрпінің астына жоғары қарай бағытталған стрелка, С әрпінің астына дұрыс белгісін қойыңыз. (3 сек.)

21. (Квадрат 27) «Есік» және «Емен» сөздері бірдей әріптен басталса, екі ромбының арасына алу таңбасын қойыңыз. (3 сек.)

22. (Квадрат 28) Сол жақтағы шеткі торға «0», оң жақтағы шеткі торға «+», ортадағыға диагональ жүргізіңіз. (3 сек.)

23. (Квадрат 29) Төменнен галочкалардың (V) астын сызыңыз, ал бірінші галочкаға А әрпін жазыңыз (3 сек.)

24. (Квадрат 30) «Кітап» сөзінде үшінші әріп «И» болмаса, 3+5 қосындысын жазыңыз. (3 сек.)

25. (Квадрат 31) «Сәлем» сөзінде дауыссыз әріптерді дөңгелекпен қоршаңыз, ал «қант» сөзінде дауысты әріптерді сызыңыз. (4 сек.)

26. (Квадрат 32) 54 саны 9-ға бөлінсе төртбұрышты айналдыра шеңбер сызыңыз. (3 сек.)

27. (Квадрат 33) 1 саннан 7 санына дейінгі сызықты жұп сандардың астына және тақ сандардың үстімен өтетіндей етіп жүргізіңіз. (4 сек.)

28. (Квадрат 34) Сандарсыз дөңгелекті сызыңыз, сандар жазылғандардың астын сызыңыз. (3 сек.).

29. (Квадрат 35) Дауыссыз әріптердің астына төмен қарай бағытталған, ал дауысты әріптердің астына сол жаққа бағытталған стрелка қойыңыз. (5 сек.)

30. (Квадрат 36) «Жан» деген сөзді бірінші әрпі дөңгелекте, екінші әрпі төртбұрышта болатындай етіп жазыңыз. (3 сек.)

31. (Квадрат 37) Горизонтальды сызықтардың бағытын стрелкамен оңға қарай, вертикальды сызықтарды жоғары қарай көрсетіңіз. (3 сек.)

32. (Квадрат 39) Екінші сызықты екіге бөліңіз және бірінші сызықтың екі ұшын екінші сызықтың ортасымен қосыңыз. (3 сек)

33. (Квадрат 40) Тақ сандарды жұп сандардан вертикаль сызықпен бөліңіз. (5сек)

34. (Квадрат 41) Сызықтың үстінгі жағына жоғары бағытталған стрелка, ал астыңғы жағына солға бағытталған стрелка қойыңыз. (2 сек)

35. (Квадрат 42) «М» әрпін квадратпен, «К» әрпін дөңгелекпен, «О» әрпін үшбұрышпен қоршаңыз. (4 сек)

36. (Квадрат 43) 5+2 қосындысын төртбұрышқа, ал 5-2 айырмасын ромбыға жазыңыз. (4 сек)

37. (Квадрат 44) Үшке бөлінетін сандарды сызыңыз және қалғандарының астын сызыңыз. (5 сек).

38. (Квадрат 45) Дұрыс белгісін тек қана дөңгелекке, «3» санын тек қана төртбұрышқа қойыңыз. (3 сек)

39. (Квадрат 46) Әріптердің астын сызыңыз және жұп сандарды дөңгелекшелермен қоршаңыз. (5 сек)

40. (Квадрат 47) Тақ сандарды квадрат жақшаға, ал жұп сандарды дөңгелек жақшаға алып жазыңыз. (5 сек)

Өңдеу: Қате санына қарай өңделеді. Орындалмаған тапсырма қате болып саналады.

Орындау нормалары:

0-4 қате – оқуға деген қабілеті жақсы;

5-9 қате – орташа;

10-14 қате – төмен, оқуда қиындықтары бар;

15 және одан жоғары қате – іс-әрекетте әлсіз.

Мамандық таңдаудағы психолог көмегі жайында

А. КАДЫРЖАНОВА

Мақсаты: оқушылардың мамандық таңдауында жауапкершілікті қалыптастыру. Мамандық таңдауына көмектесу, бағыт-бағдар беру және психологиялық қолдау көрсету.

Сыныбы: 9-11 сынып.

Барысы: Мамандық таңдау дегеніміз – яғни болашағыңды айқындау. Біз алдымызға белгілі бір мақсат қоя білуіміз керек. Сол мақсатқа жету үшін бірталай міндеттер орындауымыз керек. Сонда ғана сенің болашағың айқын

